

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Еңбекту ауылы
Н.Әлдекешов көшесі, №3

27.05.2025ж

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 23 қазанында бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсан №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары бекіту туралы» және 2025 жылғы 26-наурыз күні өткізілген педагогикалық кеңестің № 5 хаттамасының шешімі негізінде өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2025 жыл 30.04 №60 н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1	Калмурзина Балгул Тугиркызы	мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Махамбетова Бакытгуль Абдировна.	директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих және география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Байниязова Айнур Сагидуллаевна	директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, шет тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Рахметова Гульсара Балымбетовна	Бастауыш сынып мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Токин Нұрбақыт Аманкельдиевич	Математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Тұғырова Гүлнұр Абдоллақызы	Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі.
7	Рамбаева Рысгуль Сериковна	мектеп директорының шарушылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің Еңбекту ЖОББ мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
030112, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Еңбекту ауылы, Н.Әлдекешов көшесі, №3 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8 (71339) 71-8-03; 42-1-69 факс

Электронды пошта: EnbektuJOBBM@yandex.kz, web-сайт: <https://enbekty.aitekebi.edu.kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Калмурзина Балгул Тугиркызы «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ-нің 2012 жылғы 27 қараша № 166 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған. Ұялы телефоны: 87058190275

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 16 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 19.03.1999 жыл, БСН-990340006539. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсаны №469 қаулысымен бекітілген

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 07.04.2021 жылы №KZ69RVK00034359 берілген.

«Е -лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 28.01.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ17LAA00020653 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 25 педагог (оның ішінде 1 тәлімгер, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарды. 25 педагог ішінде: «педагог»-7, жоғары санатты-1, бірінші санатты- 1, екінші санатты -0, «педагог-модератор»-8, «педагог-сарапшы»-4, «педагог-зерттеуші»-4. Жоғары, бірінші санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **40%**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 4. «педагог» – 0, «педагог-модератор» – 2, «педагог-сарапшы» – 1, «педагог-зерттеуші» – 1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **50%-**ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **21**. Оның ішінде, «педагог» – 7, екінші санатты – 0, «педагог-модератор» – 6, «педагог-сарапшы» – 3, «педагог-зерттеуші» – 3. Бірінші санатты -1, жоғары санатты – 1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **38%-**ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 мамырдағы № 102 бұйрығына сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді.

2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 24 педагог (оның ішінде 1 тәлімгер, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог) жұмыс атқарды. 24 педагог ішінде: «педагог»-8, жоғары санатты-0, бірінші санатты- 0, екінші санатты -0, «педагог-модератор»-6, «педагог-сарапшы»-7, «педагог-зерттеуші»-3. Жоғары, бірінші санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 41%.

бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 4 мұғалім. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 1 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 3 мұғалім, “педагог-модератор” – 0, педагог-1 мұғалім. Сапалық құрам -100% құрап отыр.. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 20. «педагог-зерттеуші» – 2 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 4, “педагог-модератор” –6 мұғалім, педагог-8 мұғалім. Сапалық құрам – 30% құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектептер үшін - 25 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымының басшысы, оның орынбасарлары біліктілік санатта құжаттарын тапсырып, қорғады. Метеп директоры Б.Т:Калмурзина Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ 31. 08. 2023 ж № 381 бұйрығымен басшы ұйымдастырушы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.А:Махамбетова директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. С. Байниязова үшінші біліктілікті басшы орынбасары санаттарын алды.

2024-2025 оқу жылында Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – 4 . «педагог» – 0, «педагог-модератор» – 0, «педагог-сарапшы» – 3, «педагог-зерттеуші» – 1. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 100%-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 22. Оның ішінде, «педагог» – 8, «педагог-модератор» – 5, «педагог-сарапшы» – 7, «педагог-зерттеуші» – 2. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – 40%-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

Ескерту: 2023-2025 оқу жылында «Еңбекту ЖОББМ» КММ-де педагогтер саны – 24, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 21; Магистр дәрежесі бойынша -1 педагог ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 3. Сапалық құрам – 87.5%.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысы, орынбасары еңбек өтілі	Санаты
----------------	----------	-------------------	------------------	-------------------------------------	--------

Калмурзина Балгул Тугиркызы	Мектеп директоры	28 жыл	28 жыл	12 жыл	«Педагог-сарапшы», №314 бұйрық, 03.09.2024 жыл «Басшы-ұйымдастырушы» №381 бұйрық 31.08.2023ж
Махамбетова Бакытгуль Абдировна.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	31 жыл	19 жыл	6 жыл	"Педагог-сарапшы" №335 бұйрық 23.09.2024ж ББҰ басшы орынбасары: "3 біліктілік" санаты №381 бұйрық 31.08.2023ж
Байниязова Айнур Сагидуллаев на.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	23 жыл	21 жыл	7 жыл	"Педагог – сарапшы" №314 бұйрық 03.09.2024ж. ББҰ басшы орынбасары: «3 біліктілік" санаты №381 бұйрық 31.08.2023ж

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер (тізім бойынша) аттестаттаудың I және II кезеңінен «педагог-сарапшы» - 2, «педагог-модератор» - 1 тиісті біліктілік санатын алды. «Педагог-зерттеуші» - 1(растау), тиісті педагог-зерттеуші тиісті біліктілік санатына сәйкес келмеді, педагог-сарапшы санатына төмендетілді. «педагог-сарапшы -1» тиісті біліктілік санатына сәйкес келмеді педагог санатына төмендетілді.

2023-2024 оқу жылында 9 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-зерттеуші» - 1(растау), «педагог-сарапшы» - 5, Оның ішінде «педагог-сарапшы» (растау) – 2, «педагог-модератор» -3. Нәтижесінде «Педагог-зерттеуші»-1(растау), «Педагог-сарапшы» - 5, оның ішінде «Педагог-сарапшы» -1(растау) еңбек өтілі 40 жыл біліктілік тесттен босатылып портфолио жинақтады. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 9 педагог тиісті біліктілік санатын алды.

2024-2025 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты «Еңбекту ЖОББМ» КММ-де 2024-2025 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 3 педагог, «педагог-зерттеуші санатына» - 2 (растау). Мәлімдеген біліктілік педагог-модератор санатына сәйкес келеді-1 мұғалім. 2-мұғалім педагог-модератор санатына сәйкес келмеді. Біліктілік тесттен өте алмады. Мәлімдеген педагог-зерттеуші санатына (раустау) 2-мұғалім сәйкес келді.

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

Еңбекту ЖОББМ оқушылары ішінде аудандық, облыстық, республикалық байқаулардан, конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздары. Аудан көлемінде оқушылардың алған марапаттары өте көп болғандықтан, облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегерлерін ғана көрсетіп отырмыз.

2022-2023 оқу жылында Облыстық «Қыран елім Қазақстаным» байқауында Жаксылықова Зейнептің жетекшілігімен 5-сынып оқушысы Абсет Алина 2-орын, Тұғырова Гүлнұрдың жетекшілігімен 10-сынып оқушысы Избасарова Ф. «Жыл оқушысы» байқауында 3-орын. 10-сынып оқушысы Мүтигүллина Ә. «Кішкентай Отанымның символы байқауында 2-орын. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Ажиев М. «Ақберен» байқауында 10-сынып оқушысы Мүтигүллина Ә. 3-орын иеленді. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Ә.Нұршайықов ерлік пен махаббат» эссе байқауында 10-сынып оқушысы Избасарова Ф. Мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Мен Қазақстанды не үшін сүйемін» эссе байқауында 10-сынып оқушысы Избасарова Ф. 1-орын иеленді. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Абай әлемі» байқауы 10-сынып оқушысы Нұрлыбек Е. 1-орынмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Ясауитану» байқауы 10-сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. «Мақтау қағазымен» марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Математика ғажайып әлемі» байқауы 3-сынып оқушысы Асқар М. 3-орын иеленді. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Төлеуова А. «Зерде» зерттеу жобасы 2-сынып оқушысы Рысқали Д., Нұргалиева Д. 2-орын. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Оразымбетова М. «Өнегелі өмір» жас ақындар байқауы 9-сынып оқушысы Мұратқызы Д. 3-орын. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Шежірелі өлкенің тарландары» эссе байқауы 10-сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. 2-орын. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бегалина С. «Абай олимпиадасы» математика пәнінің 8-сынып оқушысы Мухамеджанов А. 3-орын. Жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Токин Н. «Абай пәндік олимпиада» ағылшын тілі пәнінің 4-сынып оқушысы Дүйсенбі Н. 1-орын. Жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Байниязова А. «Абай пәндік олимпиада» 2-сынып оқушылары Рысқали Д., Абилова А. 1-орын, 5-сынып оқушысы Абсет А., 10-сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. 2-орынмен марапатталды. **Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында.** 2-сынып оқушылары Абилова А., Рысқали Д., Нұргалиева Д. 1-орынмен марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Оразымбетова М. 3-сынып оқушылары Асқар М., Аманкелді Н., Балтабаев Н. 3-орын. Жетекшісі Бастауыш сынып мұғалімі Төлеуова А., 4-сынып оқушылары Нұрлыбек М., Абылай А., Дүйсенбі Н. 2-орын жетекшісі Калмурзина Ж. Республикалық «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында 5-сынып оқушылары Абсет А., Балтабаева С. 2-орын., 7-сынып оқушысы Маханова Д. 3-орын. Жетекшілері Физика пәнінің мұғалімі Аймуханбетова А., Биология пәнінің мұғалімі Избасаров А., География пәнінің мұғалімі Махамбетова Б. Республикалық «Абай пәндік олимпиада» ағылшын тілі пәнінің 2-сынып оқушылары Рысқали Д., Абилова А. 1-орын. Жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Келдібай А. 4-сынып оқушысы Дүйсенбі Н. 2-орын. Жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Байниязова А. 5-сынып оқушысы Абсет А. 1-орын, 10-сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. 1-орын. Жетекшісі ағылшын тілі пәні мұғалімі Келдібай. Республикалық «Абай олимпиадасы» 9-сынып оқушысы Мухамеджанов А. 2-орын. Жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Токин Н.

2023-2024 оқу жылында Облыстық «Т.Айбергенов оқулары» байқауы 7-сынып оқушысы Абсет А. 1-орын. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қасымов А. «Аламан олимпиадасы» 9 сынып оқушысы Перизат Н. II дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Биология пәнінің мұғалімі Избасаров А. «Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңінде 11 сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. Бас жүлде иеленді. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Ақындар айтысы» 11 сынып оқушысы Нұрлыбек Е. II-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қасымов А. «Ділмәр» шешендік өнер байқауы 11 сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. Бас жүлдемен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Кішкентай білгірлер» сайысы облыстық кезеңінде 4-ші сыныптан құрылған топ 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жеке есеп бойынша 4-сынып оқушысы Аманкелді Н. 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Асқар М. 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Төлеуова А., «Ауыл олимпиадасы» биология пәні бойынша 11 сынып оқушылары Ондасынқызы Ә., Избасарова Ф. 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі биология пәні мұғалімі Избасаров А. «Үздік қыз бейнесі» номинациясын жасөспірімдер театр фестивалінде 9-сынып оқушысы Ахметалы А. иеленді. Жетекшісі Тугелова А. «Мұқағали оқулары» байқауы 11 сынып оқушысы Нұрлыбек Е. Бас жүлдемен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қасымов А. Ақындар айтысы «Жыр алыбы Жамбыл» 11 сынып оқушысы Нұрлыбек Е. 3-орын иеленді. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қасымов А. Облыстық пәндік олимпиада Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 11 сынып оқушысы Избасарова Ф. 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «С.Бейбарыстың 800 жылдығына арналған олимпиада» 8-сынып оқушысы Файзулова Ж. II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Ажиев М. «Махамбет оқулары» ақындық бағыт бойынша 9-сынып оқушысы Мұратқызы Д. III-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Сұрасан менің атым-Әкімалы» жазба ақындар мүшәйрасы 11 сынып оқушысы Нұрлыбек Е. II -орын иеленді. Жетекшісі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қасымов А.

Республикалық: Республикалық «Әділетті Қаақстанның 100 дарынды оқушысы» форумында 1-дәрежелі диплом иегері Ондасынқызы Ә. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. Республикалық «Ділмар» байқауы Ондасынқызы Ә. 3-орын. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. Алматы қаласы «Кемел қаламгер» эссе байқауы III-орынмен 11 сынып оқушысы Ондасынқызы Ә. Марапатталды. Республикалық «Жас тілшілер» форумы «Журналист болғың келеме?» «Алаш баспасөзі тағылымы» номинациясы бойынша Ондасынқызы Ә. I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Ұлан» газеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Журналистика факультеті бірігіп ұйымдастырылған «Журналист болғың келеме?» үздік нәтиже көрсеткені үшін марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Айтыскер» I-республикалық жас акындар арасындағы бейнеролликтер байқауына белсене қатысқаны үшін 11 сынып оқушысы Нұрлыбек Е. Марапатталды. Ауылдық елді мекендерде орналасқан білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың имиджін көтерумақсатында «Ауыл дарыны» республикалық энциклопедиясына ерекше дарына мен жетістіктері үшін мектебіміздің 8,9,10,11 оқушыларының 6 оқушысы дипломмен марапатталып, энциклопедияға енді. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері 2-сынып оқушылары Сағынай А., Мұхамеджан А., Әмірбеков Н., Нұрболатқызы Д., I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Калмурзина Ж.. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері 4-сынып оқушылары Сейсенбай Е., Аманбай Е., Абылай Е. III-дәрежелі дипломмен, Балтабаев Н. Асқар М., Аманкелді Н.. II-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Төлеуова А. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері 3-сынып оқушысы Аманкелді Ж. II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024-2025 оқу жылында Облыстық: 9 сынып оқушысы Маханова Д. Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған ЖОББМ пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүлделі 2-орынмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. Республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауының облыстық кезеңіне қатысып шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде ағылшын тілі пәні бойынша 3-дәрежелі дипломмен 5-сынып оқушысы Аманбай Е. Марапатталды. Жетекшісі Ағылшын тілі пәні мұғалімі Келдібай А. Республикалық ғылыми-практикалық орталығының 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде тарих пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен 5-сынып оқушысы Аманкелді Н. Жетекшісі Тарих пәні мұғалімі Ажиев М. Марапатталды. Республикалық ғылыми-практикалық орталығының 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2-дәрежелі дипломмен 5-сынып оқушысы Асқар М.. марапатталды. Жетекшісі Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бегалина С. «Алтын сақа» математика пәні олимпиадасында Сынып оқушысы Дүйсенбі Н. 1-дәрежелі диплом, Абылай Асыл 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Аймуханбетова А. Республикалық ғылыми-практикалық орталығының 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде жаратылыстану пәні бойынша 6-сынып оқушысы Нұрлыбек М. 3-орын иеленді. Жетекшісі жаратылыстану пәні мұғалімі Избасаров А.

Республикалық: «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығы «Үркер» зияткерлік орталығы ұйымдастырған халықаралық ПОНИ ұлы Тілтану елінде 2-дәрежелі дипломмен 4-сынып оқушылары Абилова А., Рысқали Д., Әділбекұлы К. Марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Оразымбетова М. «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығы «Үркер» зияткерлік орталығы ұйымдастырған халықаралық ПОНИ ұлы Тілтану елінде 1-дәрежелі дипломмен 2-сынып оқушылары Сағынай А., Мұхамеджан А., Әмірбеков Н., Нұрболатқызы Д. Марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Калмурзина Ж.. «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығы «Үркер» зияткерлік орталығы ұйымдастырған халықаралық ПОНИ ұлы Тілтану елінде II-дәрежелі дипломмен 3-сынып оқушылары Төлеген Г., Аманкелді Ж., Мендіғали Н. марапатталды. Жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Рахметова Г. 7-сынып оқушылары Абсет А., Балтабаева С. Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері : Биология пәнінің мұғалімі Избасаров А., География пәнінің мұғалімі Махамбетова Б., Физика пәнінің мұғалімі Аймуханбетова А.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Еңбектеу жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2020 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына және Педагогикалық шеберлік орталығына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2022-2023 оқу жылында «Өрлеу БАҰО» ұымынан 80 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 3-мұғалім, «Күнделік ЖШС» ұымынан 72 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 17 мұғалім, «БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ)Қазақстандағы өкілдігі ұымынан 14 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 1- мектеп социологі өтті. Тұғырова Г.,Тулепбаева А.Жақсылықова З.,Абайқызы Б.,Жәнібекова М. –жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.

2022-2023 оқу жылында да 5 педагог жас маман болуына байланысты курстан өтпеген - Тұғырова Г.,Тулепбаева А.Жақсылықова З.,Абайқызы Б.,Жәнібекова М.

2023-2024 оқу жылында «Өрлеу БАҰО»біліктілік арттыру курсынан өткен педагог саны –23 . «Адамның үйлесімді дамуы» Ұлттық институты ұымынан 40 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан 1-мұғалім, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» педагогикалық шеберлік орталығының 160 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 1-мұғалім өтті.

2024-2025 оқу жылында «Өрлеу БАҰО» ұымынан 80 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 9-мұғалім өтті. «Өрлеу БАҰО» ұымынан 80 сағаттық біліктілік арттыру курсынан 1-мұғалім, «Назарбаев зияткерлік мектептер» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығынан 1 мұғалім өтті.

2023-2025 оқу жылындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2023-2024	Б.Т.Калмурзина «Деректерді талдау негізінде мектепті басқару» 80 сағат №041411, 08.12.2023 жыл, ДББҰ ПШО	Б.А.Махамбетова «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент», №0682429 19.06-30.06.2023 жыл, 80 сағат, «Өрлеу» БАҰО»АҚ.	А.С.Байниязова «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы менеджмент», 80 сағат, №0682420 19.06-30.06..2023 жыл, 80 сағат, «Өрлеу» БАҰО»АҚ.
2024-2025	«Мектеп командасының кәсіби құндылығын арттырудағы икемді дағдылар» 80 сағат № 134772 ДББҰ ПШО «Білім берудегі менеджмент» 80 сағат. №135409. 27.06 2025ж		

3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

№	контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	Еңбекту ЖОББМ	11	59	11	56	11	56

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебіне жылма жыл білім алушылардың санында кему бар. Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 28 қаңтардығы №93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Еңбекту ЖОББ мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын,оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы

2- қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында 1-11 кластарда 11класс жиынтығында білім алушы оқыған ал толымдылығы бойынша 6 баладан келген. 2022-2023 оқу жылында 11 класс комплектіде 59 білім алушылар әр класқа 6-7 баладан келген. 2023-2024 оқу жылында 10 класс комплектіде 56 білім алушы контингентін құрады. Әр класс-комплектіге 6 білім алушыдан келіп тұр, 2024-2025 оқу жылында 9 класс комплектіде 56 білім алушы контингентін құрады.Әр класс комплектіге 6 білім алушыдан келіп тұр. Сынып толымдылығына қойылатын талаптар сақталған.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Еңбекту жалпы орта мектебі бойынша
2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2022-2023	6	8	3	4	1	3	2	1	59
2023-2024	2	7	1	5	1	2	0	0	56
2024-2025	0	1	0	1	0	0	0	0	56

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2022-2023 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – «Әліппе»және «Ана тілі оқытылады. Шетел тілі және орыс тілі пәндері оқытылмайды. Көркем еңбек пәні екі пәнге бөлінді «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері». Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын тандау мүмкіндігі артты.

2022-2023 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру болатын.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30.09 №412) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған.

2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 аптасымен сабақ кестесі жасалып бекітілген.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 320,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2.3 сыныптар оқушылар саны сәйкес келмегендіктен біріктіліп оқытылады

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 11 класс жиынтығында – 58 оқушы, (58 білім алушымен оқу жылы басталды. Оқу жылының соңында 59 білім алушымен аяқтадық) ал мектепалды даярлық бойынша бір сынып – 5 білім алушы оқыды.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген 6-қосымша 5-9 кластар үшін; 86-қосымша 10-11 кластар үшін 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 83,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 308,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 308,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім беруге 83,5 сағат, негізгі орта білім беруге 140,5 сағат, жалпы орта білім беруге 70 сағат, барлығы 294 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2,3 және 6,7 сыныптар оқушылар саны сәйкес келмегендіктен біріктіліп оқытылады. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 308,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Сабақ кестесі: Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «bilimclass.kz» жүйесін пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2025жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «bilimclass.kz жүйесіндегі» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Бағаланатын кезеңге инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтардың мазмұны 2022-2023 оқу жылы бойынша Kundelik.kz жүйесінен жүктеліп алынған PDF форматындағы сынып журналдарынан және 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша электронды bilimclass.kz жүйесіндегі журналдан зерделенді.

2022-2023 және 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199, 31.10.2023 № 328, Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен толықтырулары ескеріліп үлгілік оқу бағдарламалары негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген. Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те, электронды bilimclass.kz жүйесінде толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар толтырылған.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың оқу пәнінің базалық мазмұнын меңгеру оқу нәтижелеріне бағдарланған. Оқу бағдарламалары оқушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерді одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескерілген. Оқу пәндерінің мазмұны негізгі орта білім беру және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы, білім беру мазмұнының академиялық және тәжірибелік бағыттылығы арасындағы теңгерім сақталған.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталып **enbektuortamektebi** инстаграм желісіне жарияланған.

Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру мақсатында «Парасат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Дастан» ер балалар клубы, «Ақжүніс» қыз балалар клубы, «Арыстан» әскери патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 22 қазанында, 2023 жылдың 12 қазан күні мектеп парламентінің сайлауы болып мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі мен тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, оқу жылынан бастап аға тәлімгер болып Н.Ерзақова тағайындалған. «Жас Ұлан» ұйымы қатарына 39, «Жас қыран» ұйымы қатарында -20 оқушы, «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграмм желісіне жарияланған.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы»

Жылдар	«Жас Қыран»	«Жас Ұлан»
2022-2023 оқу жылы	20	39

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша **мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі** бойынша 1- әлеуметтік педагог, 1- педагог - психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым - қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар

бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің холында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап беріледі. Келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жинағы-11, 2023-2024 оқу жылы бойынша -10 сынып жетекші. 2024-2025 оқу жылы бойынша -9 сынып жетекші.

2022 жылдың 31 тамызында мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы»

№ 114 бұйрығы негізінде бекітілді, 2022 жылдың 02 қыркүйектегі № 120 бұйрығымен сынып жетекші бірлестігінің жетекшісі болып Ж.Калмурзина болып тағайындалды. 2023 жылдың 01 қыркүйектегі Сынып жетекші бірлестігінің жетекшісі болып Ж.Калмурзина тағайындалды. 2024 жылдың 2 қыркүйектегі № 140 бұйрығымен сынып жетекші бірлестігінің жетекшісі болып Ж.Калмурзина тағайындалды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	11	9	2
2023-2024 оқу жылы	10	8	2
2024-2025 оқу жылы	9	8	1

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Санаты жоқ	Жоғары, I, II санатты	педагог
2022-2023	1	6	2	2		
2023-2024	2	5	2	1		
2024-2025	1	5	2	1		

Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталып, **enbektuortamektebi** инстаграм желісіне жарияланған. Үш құндылық бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталған. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4-қыркүйектегі № 28 хатының 2.4 тармағын, 2023-2024 оқу жылында "Қазақстан Республикасының орта білім беру

ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хаты, «Жаңа оқу жылының ерекшеліктері» бөлімі, «Мектептердің ата-аналар жұртшылығымен өзара іс-қимылын нығайту, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құру» бойынша және Әйтеке білім бөлімінің 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 678/1 н/к бұйрығына сәйкес «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы мектеп директоры Т.Б.Калмурзинаның 2023 жылғы 22 қыркүйек № 203 бұйрығы бойынша Еңбекту ЖОББМ КММ-де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» мен «Даналық» мектебі құрылып, жұмыс жоспарына сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылған. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бұрышы жасақталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Парасат» әкелер мектебі, «Мейірім» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Дастан» ер балалар клубы, «Ақжүніс» қыз балалар клубы, «Арыстан» патриоттық клубы жұмыс жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау сілтемелері

<https://www.instagram.com/reel/CydQkJjoz2x/?igsh=MTZjbm5teGYzNW41dg==>

<https://www.instagram.com/reel/Cye7bAwo19J/?igsh=aHNoNXFkb2w2OWN2>

<https://www.instagram.com/reel/C0Q3wIXgMFw/?igsh=MWh2NXZkaWVueGtzdA==>

<https://www.instagram.com/reel/C054Fe8IPFo/?igsh=MWg0cGR2N3FtaGx2YQ==>

<https://www.instagram.com/reel/C327O2ZIMJY/?igsh=dDdwc3ZuODE5Z25w>

<https://www.instagram.com/p/C327LjEIZ1M/?igsh=bHpsNzhjZjJlaGFs>

<https://www.instagram.com/reel/C38HzZ7o3AR/?igsh=bTViOHhwa2YyY3Jh>

<https://www.instagram.com/reel/C39TQxWIn8O/?igsh=MW8yZ2dlbnM1cmF1Mg==>

<https://www.instagram.com/reel/C3WxMEotUB/?igsh=cXBtMmtuajBscTF1>

<https://www.instagram.com/reel/C4Iee4SoZZs/?igsh=MXZkemNzOXg2NDV5>

https://www.instagram.com/reel/C4MzgAKox_L/?igsh=MTYyZzNkbDZtbjhnNQ==

<https://www.instagram.com/reel/C3o2PEconxG/?igsh=MThxYjcyd3d1MnVjdg==>

<https://www.instagram.com/reel/CxYHbks7N-/?igsh=NGlhdDkwdWZreTRx>

<https://www.instagram.com/reel/CxYHbks7N-/?igsh=NGlhdDkwdWZreTRx>

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты тобы құрылған. Республика күні қарсаңында білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту мақсатында 12 қазан күні мектеп парламенті президентін сайлауы өтіп, сайлаудың қорытындысы бойынша мектеп парламентінің президенті болып 11 сынып оқушысы Мүтиғолла Аяжан сайланған. Мектеп парламентінің мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

2022-2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі Еңбекту ЖОББМ-нің «Білім алушылар арасында Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесін құру туралы № 39 бұйрығы, 2023-2024 жылдың 1 қыркүйектегі № 20 бұйрығы, 2024-2025 оқу жылында 2 қыркүйектегі № 61 бұйрығын

басшылыққа алынып, жоспарлы жұмыстар жүргізіліп, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Есепке алу түрлері	2022-2023 оқу жылы 2023-2024 оқу жылы 2024-2025 оқу жылы
	Есепке алынды
Мектепшілік бақылау	-
ІІБ есепте	-
Нарколог есебінде	-

	“Қауіпті топ”	-
	Сәтсіз отбасы	-
	Дін жолында жүрген	-
	Суицид фактілері	-

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челенджеріне орай бейнероликтер түсіріліп, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» мерекелік шаралары атап өтілді, мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған мерекелік кештер, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілердің мерекелік кешін тамашалады. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған «Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, 2022-2023 оқу жылында мектеп президенті 9 класс оқушысы Дүйсенбі Диас аудандық «Үздік көшбасшы-2022» байқауына қатысып, жүлделі 3 орын иеленді.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектебімізде «Ой-Дария» дебат клубы құрылып, оқушылардың сыни ойлауының дамуына, өз ойын алаңда айта білу қабілетін ұштауына өз үлесін қосты. Жалпы білім беретін мектептер арасында шешендік шеберлікті дамыту, жас көшбасшыларды қолдау мақсатында ұйымдастырылған аудандық «ДОСТЫҚ, БІРЛІК, ТАТУЛЫҚ» атты пікірсайыс турнирінде белсенділік танытқаны үшін Еңбекту ЖОББ мектебінің «Болашақ» фракциясының мүшелері 11 сынып оқушысы Мұратқызы Диана, 9 сынып оқушысы Мұхаметжанова Адина марапатталды. Мектепішілік «Ой-Дария» дебат клубының ЛД форматында мектепішілік пікірсайысы өткізілді. Пікірсайыс «Болашақ» және «Кемеңгер» фракция арасында «Телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында өтті. Жақсы қатысқан «Кемеңгер» фракциясының мүшелері Маханова Дана, Нұрлыбек Перизат мапатталды.

https://www.instagram.com/reel/C2w7APvob_f/?igsh=MTlldjA0bjI5bmpmcA==

<https://www.instagram.com/p/DBdC7SeoRi/?igsh=YW8wdGY2dTFvY2xn>

<https://www.instagram.com/p/DDzF0M1gS5b/?igsh=MXJ0NGVkc2k2NHhqNA==>

<https://www.instagram.com/p/DFm9RxZAv5b/?igsh=Z25jcWhjcjhqcW8x>

<https://www.instagram.com/p/DFm9RxZAv5b/?igsh=Z25jcWhjcjhqcW8x>

Мектепте «Балалар кітапханасы» оқу алаңы, буккроссинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы бойынша Мектеп оқу-тәрбие процесінің басшылыққа ала отырып, оқушылардың кітапханаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оларға кітаптармен жұмыс жасай білуге үйрету. Оқушылар олимпиадаға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға дайындалу үшін кітаптарды және басқада ақпарат көздерін белсенді пайдаланған. Оқу жылдарында оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында 100% оқулықпен қамтамасыз етілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспар құрылып мектеп директорының бұйрығымен бекітілген. Жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілген. Абайдың «Толық адам» философиясын қалыптастыру мақсатында «Абай әлемі-менің әлемім» тақырыбында тұрақты көрме және әр дүйсенбі күні Абай күні жариялануына байланысты, оқушылар арасында ақынның өлеңдерін жатқа оқудан челлендж ұйымдастырылған. «Оқуға

құштар мектеп» жобасы аясында жазушы-драматург, журналист Оралхан Бөкейдің 80-жылдық мерей тойына орай мектеп мұғалімдері арасында «Ұшқан ұя» тақырыбында оқырмандар конференциясы өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында каникул кезінде мұғалімдер арасында оқырмандар конференциясы өткізілді. Конференцияда мұғалімдерге оқуға берілген «Бакытсыз Жамал» романы талқыланды. Романның желісі, Жамалдың қатал тағдыры, заман бейнесі пікір таласқа себеп болып, романның мәселесін анықтап, мұғалімдер жан-жақты суреттеді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары қысқы демалыс кездерін кітапханамен байланыстыра өткізді. Олар қызықты кітаптармен танысып, өздеріне ұнаған кітаптарды үйлерінде оқуға алды. «Қыста да кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз», «Оқуға құштар мектеп»-қысқы демалыста Еңбекту ЖОББМ-ның мектепалды сыныбында оқушылар мен ата-аналар арасында «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Мақал-мәтел – ата-бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал-мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал-мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл – қай ұлтта қай елде болса да құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, орыс тілін қолданып, ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатпен оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Біртұтас тәрбие негізінде оқушыларға Ы.Алтынсарин шығармаларын таныстырып «Әжемнің ертегісі» әдісі арқылы ауыл әжелері балаларға «Алтын айдар», «Қарақылыш», «Қара батыр» сынды Ыбырай ертегілерін айтып берді. Бұл іс-шара балалардың әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырып, ұлттық мұрамызды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге бағытталды.

[https://www.instagram.com/reel/DDhu-](https://www.instagram.com/reel/DDhu-wgvpvQ/?igsh=d2piZXUxMjh4MDNx//www.instagram.com/reel/C29q_I-IT6N/?igsh=YXF4Zm9uNmww3M2s4)

[_wgvpvQ/?igsh=d2piZXUxMjh4MDNx//www.instagram.com/reel/C29q_I-IT6N/?igsh=YXF4Zm9uNmww3M2s4](https://www.instagram.com/reel/C29q_I-IT6N/?igsh=YXF4Zm9uNmww3M2s4)

<https://www.instagram.com/p/DE1pynWAuLh/?igsh=bnZrbWpzeHh0c2dr>

https://www.instagram.com/reel/C3z562koA3_/?igsh=MTVycXRyZHF3NDRoNA==

<https://www.instagram.com/reel/C1tHJQ7o4xg/?igsh=MWpsNHN0b3l4eW1xbQ==>

<https://www.instagram.com/p/CzIk2hegCwD/?igsh=dHB1cTV1MDRtNWRp>

<https://www.instagram.com/reel/Cyupt3OI0gh/?igsh=Z2RxN3JyZmxpMW44>

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Армысың, алтын күз» көрмесі күзгі көрме, «Ауылымның алтын күзі», «Қыс кереметі», «Ауылымның көктемі» фотобайқаулар ұйымдастырылған. Мектеп ауласындағы күзгі көктемгі баптау жұмыстары, жас өскіндерді отырғызу күтіп-баптау, абаттандыру, жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырған. Сонымен қатар «Мамандығым-мақтанышым» еңбек ерлерімен кездесу, «21 ғасырдың ең қажетті мамандығы» тақырыбы бойынша дебат өткізген. «Адал азамат-әділетті Қазақстан», «Адал азамат-әділетті Қазақстан», «Әкеге-ізет, анаға-құрмет», «Оян, ар мен адалдық», «Мен - еріктімін», «Қалдықтарды табысқа айналдырайық», «Табысты тұлға», «Достық-көмекпен мықты» сынып сағаттары, «Жемқорлыққа жол бермейміз» адалдық сағаты, «Менің бизнес идеяларым» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара, «Жер елшілері» жобасы аясындағы өткізілген экологиялық ойын, «Жүрегім қазақ» кездесу. Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шарасына белсене катысып «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» брошюраларын таратқан.

https://www.instagram.com/p/DFC-t8DAz_u/?igsh=M3Nic2Rvb3M4MXF4

<https://www.instagram.com/p/DC9EOYZAojC/?igsh=NDJwN2ticTVsbTA5>

<https://www.instagram.com/p/DBalkrzAex2/?igsh=MXAycGdtMGRpdXU5OA==>

Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінде «Шабыт» жобасы ұйымдастырылды. Жоба қыркүйек-мамыр айларының арасында өткізілді. Жобаның мақсаты: оқушылардың шығармашылық дамуы. Жоба өткізу барысында кітаптар, слайд, стендтер, ұлы адамдардың кітаптары, көрме қолданылды. Жоба хор айту, көрме, челлендж, концерт, театр түрінде өткізілді. Оқу ағарту Министрлігінің Біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес қазан айының 2-сі күні «Ұстаздар күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Шабыт» жобасы аясында «Даналық ұстаздан»

челленджі өткізілді. Өткізу барысында А.Дүйсеновтың "Ұстазым" әніне хор айтылды. «Шабыт» жобасы аясында «Шаттық» театр үйірмесінің 5 сынып оқушылары «Адал табыс – адамгершілікке жетелейді» тақырыбында сахналық қойылым қойды. Қойылым жоғары деңгейде өтті. Оқушылар қызығушылықпен қатысты. «Шабыт» жобасы аясында «Шаттық» театр үйірмесінің 6,7,8, сынып оқушылары «Бұлтты күні толған ай» тақырыбында сахналық қойылым қойды. Қойылым жоғары деңгейде өтті. Мақсаты: Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастыру, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру. Өткізген: Сағындықова Жайнагүл. «Анамның аяулы алақаны» тақырыбы бойынша 6,7,8 сынып оқушылары өз аналарына деген жылы лебіздерін білдірді. Мақсаты: аналарды мерекесімен құттықтау, оқушылардың жылы лебіздерін білдіру. Наурыз мерекесі орай «Шабыт» жобасының жоспарына сәйкес көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ернар Әшімнің бастамасымен «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде ағаш үй макеті, торсық, домбыра макеті тағы басқа бұйымдар орналастырылды. Мақсаты: оқушыларды қазақ дәстүрімен таныстыру, қолөнер бұйымдарын таныстыру

<https://www.instagram.com/p/DGukeBwI9fz/?igsh=MXN2NmRnMW83Y3gweA==>
<https://www.instagram.com/p/DGulTnGI0Vf/>

[:https://www.instagram.com/reel/DAP_JiJAnjO/?igsh=MTVrMnN2MTV5dTJmcg==](https://www.instagram.com/reel/DAP_JiJAnjO/?igsh=MTVrMnN2MTV5dTJmcg==)
<https://www.instagram.com/reel/DG0J5D>

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Smart bala" жобасы бойынша 10-11- сыныпта "Startup " байқауы өтті. Байқауда өз жобаларын жақсы қорғаған оқушылар Т.Сағидолл, І.Сейсенбай, М.Асқар марапатталды. Жетекшісі: Ажиев М. Біртұтас тәрбие " бағдарламасы "Smart bala" жобасы аясында «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы өтті. Оқушылар өздері жасаған қолөнерлерін таныстырды. Ұйымдастырушы: жоба жетекшісі : М.Ажиев

<https://www.instagram.com/p/DFfZXY0g1y2/?igsh=MWJvaGI1NG83NHZzaw==>
<https://www.instagram.com/p/DGVR36pgHc0/?igsh=cmRjaThlN3k2bGd0>

Қамқор жобасының жоспарына сай "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" акциясы бойынша 9-11 сынып оқушылары сенбілікке шығып, ауыл көшелерін қоқыстан тазартты.

"Жер сағаты" экологиялық акциясы аясында 9-11 сынып оқушылары және мектеп ұжымы сенбілікке шықты. "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" акциясы аясында, мектебіміздің оқушылары мектеп ауласын қоқыстан тазартып, мектеп ауласына гүл,тал екті
Жетекшісі: Иманғалиева Н.С.

<https://www.instagram.com/p/DKOfa9WljVu/?igsh=YWV2bnZwdnQwZ2pj>
<https://www.instagram.com/p/DIN4akSgWjZ/?igsh=b21lNzllMjB5YzI3>
<https://www.instagram.com/p/DA8GzOtgpw8/?igsh=MW9vbnp6OTIh6enQzcg==>

Кәмелетке толмағандар арасында жүргізілген жұмыстар

Еңбекту ЖОББМ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу» іс-шаралар жоспарына сәйкес 9-11 сынып ер балаларына Қарабұтақ ауылдық ауылдық учаскелік полиция инспекторы капитан А.Ахметалинмен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар ойларында жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасып, сұрақтарына толықанда жауап алды. Кездесу соңында Ақылек Нағашыбайұлы оқушыларымызды құқықбұзушылықтан аулақ болуға еліміздің патриот азамат азаматшасы болуға шақырды. Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебінде құқықбұзушылықтың алдын -алу жоспары құрылып іс шаралар өткізілді. 20 қараша күні 1-4 сынып оқушыларынан «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 21 қараша күні 5-7 сынып оқушылар арасында «Бала құқығы-асыл қазына» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылып жақсы жазған оқушылар марапатталды. 17.11-25.12 күндері аралығында түнгі рейд жүргізіліп көшеде жүрген оқушылар анықталмады. 24 қараша күні «Мен және менің құқығым» тақырыбында пікірталас сайысы өтті. «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында оқушылардан сауалнама алыныды.

Мақсаты: зорлық –зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

<https://www.instagram.com/p/CyhuYJ3Ihcc/?igsh=MTR0ZjZ6ZnpyaTZkYQ==>

<https://www.instagram.com/p/C0KJAY7oNyT/?igsh=aDJwemM2aWgzZWVj>

<https://www.instagram.com/p/C2R11UyIgFS/?igsh=MXc0eTN6bnU0cTN3Mg==>

https://www.instagram.com/p/C2HJFMglOAH/?img_index=2&igsh=YjNyaGoxcDlzZm9u

https://www.instagram.com/p/C6_VSrNlrp1/?igsh=MWFuemxteXd5YnE2Nw==

Тәрбие жұмысының орындалуы сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда жүзеге асырылады.

2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес «Адамды үйлесімді даму ұлттық институты» АҰДҰИ, Ғылыми –әдістемелік Кеңесінің орталығының ұйымдастыруымен «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылды. Даналық мектебінің жетекшісі Г.Нұралина болып тағайындалды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары құрылып жұмыстанып келеміз. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін ата-аналармен әр түрлі жұмыс түрлері қолданылған. 1-11 сынып оқушылары арасында «Ана күннің шуағы» атты ертеңгілік өтті. Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға, анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында» Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес. «Көркем мінез-баға жетпес байлық» тақырыбында сабақ өткізілді.

Ата-аналарға алаяқтық туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Балаларды зорлық -зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың және олардың құқықтары мен әлауқатын қамтамасыз ету мақсатында «ДосболLike» жобасымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес

«Жақсыдан қашпа, жаманға баспа» тақырыбында сабақ өткізілді.

Ата-аналарға алаяқтық туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. 19-наурыз күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Тәліммен өрілген біздің дәстүр» тақырыбында мерекелік шара өтті. халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын өскелең ұрпаққа өнеге ретінде жеткізуге бағытталған тәрбиелік ұғым. Бұл ұғым тәрбиенің тек отбасыда емес, бүкіл қоғамда, үлкен мен кішінің арасындағы қарым-қатынаста, салт-дәстүрлер арқылы берілуін білдіреді. Ұлттық киім, тағам, қонақжайлық, үлкенді сыйлау, сөз әдебі – барлығы тәлімді дәстүрдің көрінісі. Дәстүр – тек өткеннің ізі емес, ол – бүгінгі мен болашақтың рухани тірегі. Сондықтан да жастарға ұлттық тәлім-тәрбие беру – әр отбасының, мектептің және қоғамның ортақ міндеті екені назарға алынды. «Отбасы-бақыт бесігі» тақырыбында ата – аналар жиналысы өтті.

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы.

Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін - өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата - аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Сонымен қатар оқушылардың жаз кезіндегі өмір қауіпсіздігі, жол қауіпсіздігі, кәмелет жасқа толмағандардың көлік айдауларына болмайтындығы туралы, түнгі уақытты заңсыз өкілдердің еріп жүруінсіз 22.00-ден көшеде жүруге болмайтындығы туралы Әйтеке би аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызмет бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы полиция майоры А. Ахметалин оқушылардың жазғы қауіпсіздігі туралы ата-аналарға ақпарат берді. 15-мамыр күні ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес «Әке көрген оқ жонар...» тақырыбында әкелермен семинар өтті. Бұл сөз ұл баланың әкесіне қарап бой түзейтінін, әкенің іс-әрекеті, мінез-құлқы, еңбекқорлығы, адамгершілігі баланың қалыптасуына тікелей әсер ететінін білдіреді. Әке мен Ер балалар төңірегінде сөз қозғалды. Әрбір әке баласына өнеге боларлық өмір сүруі керек, ал ұл бала өз кезегінде әке жолын жалғап, азамат болып қалыптасуы туралы ойлар қозғалып тартымды семинар өтті.

<https://www.instagram.com/p/C7CAEf5oGTg/?igsh=aGtyMXo0NzFwcHk3>

https://www.instagram.com/reel/C7B_k1zoCs8/?igsh=MW1iOHg2Ym1nZjluaQ==

<https://www.instagram.com/p/C7vkpx6ozvS/?igsh=MWcwZjA1OXyxNno2NQ==>

<https://www.instagram.com/p/C4-DtEwA1lc/?igsh=Z3oxMDJzb2hvbmfV>

<https://www.instagram.com/p/C4-D8l5Ando/?igsh=c2J2bm9qc3BhcnN6>

<https://www.instagram.com/p/C4-EK3Rgv17/?igsh=Zms4cnA4NW5lZjJs>

<https://www.instagram.com/p/C4-EVPGgQob/?igsh=dW4zMmV4MDd2dmI0>

<https://www.instagram.com/reel/C4FRjYHo9UX/?igsh=aTRjM3VoMnl4aW00>

https://www.instagram.com/p/C2r36qRoYxP/?img_index=1&igsh=bWpmOGVrbWplamFy

<https://www.instagram.com/reel/C4LMh8Xl2Tq/?igsh=azBiaWhlamFvYzBm>

«Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай- 9 іс-шара» жобасы бойынша жүргізілген жұмыстар.

Ақтөбе қаласында облыстық “Жыр алыбы-Жамбыл” айтысы өткізілді. Айтысқа облыстан 23 оқушы қатысты. Айтыс тақырыптық және қайым айтыс деген екі кезеңнен тұрды. Мектебіміздің 11-сынып оқушысы Нұрлыбек Ернат аудан атынан қатысып, өзінің шығармашылығы мен дарындылығын көрсетіп, жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Ақтөбе қаласында мектептің жоғары сынып оқушылары арасында облыстық «Жігіт сұлтаны-2024» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қала мектептері мен әр ауданнан келген 18 қатысушы қатысты. Байқау 3 кезеңнен тұрды: таныстыру, өз өнері, қолөнер. Кезеңдерден сүрінбей өткен Ернат нәтижесінде аудан намысын абыроймен қорғап, жүлделі І орынды иеленді.

<https://www.instagram.com/p/C4A5XEXICPr/?igsh=eJRtcnQ1NHQ5eWE3>

https://www.instagram.com/p/C2gwZgyo1_-/?img_index=2&igsh=dHlydHZjdTBzMm14

<https://www.instagram.com/p/C1rB0LgAfWw/?igsh=MmRIY2ZjbWNib2hm>

<https://www.instagram.com/p/CzIkvD8g029/?igsh=MXhtaDR1bnVicG1ldA==>

<https://www.instagram.com/reel/C8Y19IeoYuG/?igsh=OTF5dDRjaDMxOGdi>

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер - ұлы мұра», «Қазақтың салт-дәстүрлері», «Салтым-санам», «Ұлттық тағамдар», «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыптарында сынып сағаттары, «Қазақтың ұлттық ойындары», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық киімдер», «Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер» тақырыптарында сынып сағаттары, «Boursak party» бір бауырсақ, бір мақал челленджі ұйымдастырылып оқушылардың мақал мәтел жаттауға қызығушылығын арттырды. «Асық ату», «Тоғыз құмалақ» сайыстары ұйымдастырылып жеңімпаз оқушылар мапатталды.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Шебер қолдар» үйірмесінің білім алушылары «Таза табиғат» экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы, «Жасыл мекен» челленджі, «Алтын күз» байқауы, «Экологиялық орта», «Табиғатты аяла», «Табиғат тағдыры - адам тағдыры», «Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары», «Экологиялық мәселелердің түрлері», «Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері», «Экология және біз» тақырыптарында экологиялық білім беру сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары мектебімізде «Мұрагер» еріктілер тобы құрылған. Мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырып жиналған қаражатқа мектеп ауласына отырғызатын гүл өскіндерін отырғызып, күтіп, баптау жұмыстарын жасады. Сонымен қатар «Мұрагер» еріктілер клубының мүшелері ауылымыздың үлкен кісілеріне көмекке мұқтаж жандарға үнемі көмек көрсеткен.

«Балалар және театр» жобасы аясында

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Ең үздік театр» байқауы өткізіліп Еңбекту ЖОББМ «Шаттық» театры үздік нәтиже көрсетіп ІІІ орын алды.

Ұлт ұстазы –Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Қырық мысал» саханалық қойылымның аудандық кезеңінен Еңбекту ЖОББ мектебінің оқушылары жүлделі І орын иеленді.

2023 жылы Әйтеке би аудандық мәдениет үйі «Замандас» халықтық театрының

ұйымдастыруымен «Саханадан сәлем-2» аудандық театрлар арасындағы фестиваль- Байқауында Еңбектеу ЖОББ мектебінің «Шаттық» театры «Менің атым Қожа» комедиясын қойып «Үміт» наминациясын иеленіп, 15 мың теңге ақшалай сертификатымен марапатталды.

2024 жылы Әйтеке би аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған “Замандас” халықтық театры “Сахнадан сәлем-3” аудандық театрлар арасындағы фестиваль- байқауы өткізілді. Байқауға Еңбектеу ЖОББМ-нің “Шаттық” театры қатысып жүлделі 1 орынға ие болды. Театр мүшелері алғыс хат, диплом, арнайы кубокпен және 150 мың ақшалай сертификатпен марапатталды.

“Шаттық” театрының жетекшісі: Тугелова Әлия Бекболатқызы

<https://www.instagram.com/reel/C549HunIvUP/?igsh=M2ZweXFIYmM1dnhh>

https://www.instagram.com/p/DEcKlJbg_dH/?igsh=MXdvOGlrZWZxd2lheQ==

https://www.instagram.com/reel/C2w7APvob_f/?igsh=MTlldjA0bjI5bmpmcA==

Мектептегі «Ақжүніс» қыздар клубының ұйымдастыруымен қыздар күніне орай «Қыздарға айтар кеңес» атты 7-11 сынып оқушы қыз балаларымен кәмелет жасына толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектеп әкімшілігі, мектеп психологы, мектеп медбикелері мен сынып жетекшілер қатысты. Қыздарға қоғамда орын алған құқық бұзушылықтар туралы айтып, заң бойынша көрсетілген шаралар жөнінде атап өтіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар мектеп медбикелері жеке гигиеналық тазалық туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы, мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібі туралы әңгімелер жүргізілген.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы төрт тоқсанға жоспарланған, Жобаның басты мақсаты, балаларды ұлттық мерекелер, халықтық әдет-ғұрыптар негізінде адамгершілікке тәрбиелеу, халықтың рухани игілігін мұра ету, тұлғааралық және ұлтаралық қатынастар мәдениетіне қол жеткізу, «Сот төресі-шешендік өнер» жас ақындар айтысы «Ақындар айтысы» өткізу үшін ұсынылатын тақырыптардың ішінен «Туған жерім мақтанышым» тақырыбында өткізілген "Кітап білім бұлағы", "Талаптыға нұр жауар» эссе байқауы ұйымдастырылған. Қазақстанда соңғы жылдары ұлттық ойындарға, оның ішінде асық ойындарына деген қызығушылық қайта жандануда, Балалар мен жастар асық ойнауға және өзінің қырағылығын тексеруге көбірек нәтиже білдіруде. Асық ойнау - бұл жай ғана ойын емес, дәлдік пен көшбасшылық қасиеттерді дамытатын, оқушылардың логикалық ойлауына оң әсер ететін спорт, «Асық ойыны үлкен халықтық тәрбие» танымдық сабақтары, асық ату ойынынан «Бес Асық» ойыны, мергендік немесе шеңбер жасап ату жарысы өткізілген, «Ұлттық өнер» көрмесінің мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру, отан сүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау. Осы мақсатпен «Ұлттық өнер» көрмесі өткізілген. Көрмеге оқушылардың қолынан шыққан ұлттық нақыштағы туындылар қойылған.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында: *үйірмелер* жүргізіледі. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған. «Ақтөбе Дарын»Өңірлік Ғылыми –тәжірибелік қосымша білім беру орталығы «Әншуақ» қазақ тіліндегі Республикалық балалар әндері фестивалі аясында өткізілген «Бала даусы» атты облыстық ән байқауына «Серпін» балалар хор ұжымы қатысқандығы үшін сертификат.Жетекшісі: Тәжібаева М.Е«Ақтөбе Дарын» «Жас өнерпаз»халықаралық байқауының жеңімпазы Аманбай Ернар,Мырзағали Бекзат,Нұрлыбек

Мәулен I дәрежелі дипломмен марапатталды. Әйтек би аудандық білім бөлімі және Әйтек би аудандық балалар саз мектебі ұйымдастырған аудандық «Үкпі домбыра» ансамбльдер байқауында жоғары деңгейде өнер көрсеткен «Асыл мұра» ансамблі М.Асқар, Е.Сейсенбай, Н.Балтабай жүлделі II орын иеленді. Мектепшілік шахмат турнир ұйымдастырылып. Турнир қорытындысы бойынша 1 орын 10 сынып оқушысы Мұхамеджан Амир, 2 орынды 9 сынып оқушысы Рысқали Төрехан, 3 орынды 8 сынып оқушысы Сейсенбай Ілияс иеленді. Аудандық «Атажұрт» білімділер мен жігерлілер сайысында Ж.Файзулова, А.Мұхамеджанов, І.Сейсенбай жүлделі 2 орын иеленді. Аудандық Абай атындағы ЖОББ мектебінің ұйымдастыруымен шахмат турнирінде Ж.Файзулова, А.Мұхамеджанов, І.Сейсенбай жүлделі 3 орын иеленді.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2022- 2023	38	63%	35	58%	16	26%
2023- 2024	35	62%	40	71%	11	19%
2024- 2025	40	71%	45	80%	21	37%

2024 – 2025 оқу жылдары каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру кезінде Шымкент қаласындағы «Болашақ» сауықтыру орталығына 8 сынып оқушысы Файзулова Жаннұр демалып келді. «Campit» жазғы мектеп лагерінде- Сейсенбай Ілияс демалды. Қобда ауданында «Әлия» лагерінде 5-сынып оқушысы Абылай Ермұрат демалып келді. Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагерінде 2024-2025 оқу жылында 15 бала демалыспен қамтылды,

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде бейінді оқыту іске асырылған.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен 10 сынып «Қазіргі заманғы физика». Мақсаты: Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейлік есептер шығарту. Аптасына 1 сағат. «Тоғызқұмалақ» мақсаты: Оқушыларды ізденімпаздық, математикалық ойлауын дамыту. Аптасына 1 сағат. 11 сынып «Механикалық физика». Мақсаты: Физика пәні есептерін шығарудың жалпы заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру. Аптасына 1 сағат. «Селекция және биотехнология негіздері» мақсаты: Биотехнологияның негізгі заңдылықтарын оқыта тұрып биологиялық білімдерін кеңейтіп теориялық білімді практикада қолдануға үйрету. Аптасына 1 сағат. 10-11 кластарда жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аптасына 1сағаттан енгізілген.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған.

2023-2024 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8қарашадағы № 500бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»; ал 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім берудің вариативтік компоненті белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар . 1 сынып «Әріптер сыры» 1 сағат, 2 сынып «Логикалық математика» 1 сағат, 3 сынып «Математика патшалығы» 1 сағат, 4 сынып «Қызықты математика» 1 сағат. Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарының вариативтік компоненті жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» атты курсына 5-8 сыныптарда 0,5сағаттан, Жаһандық құзыреттіліктер «Зайырлылық және дінтану негіздері» 9 сыныпта 1 сағат жүзеге асырылған. 10 сыныпта Ақпараттық құралдарды пайдалана отырып,оқушының шет тіліндегі алған білімдерін тереңдету және жүйелеу мақсатында 1 сағат «Speak English» курсы оқытылды. Аптасын 1 сағат 10 сыныпта «Қызықты информатика» курсы оқытылды. Мақсаты: Оқушылардың алгоритмдік логикалық ақпараттық ойлау қабілетін дамыту.

«Interesting Grammar» тақырыбындағы бастауыш және орта сынып деңгейінде грамматикалық бойынша алған білімдерін кеңейту мақсатындағы курсы аптасына 1 сағат 11 сыныпта оқытылады. «Python бағдарламалау тілі» мақсаты: Бағдарламалау тілін үйренгісі келетін оқушыларға Python тілінде қарапайым бағдарламалар жазуды үйрету болып табылады. Аптасына 1 сағат 11 сыныпта оқытылады. 10-11 сыныптарда Жаһандық құзыреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Аптасына 1 сағаттан оқыту іске асырылған.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім берудің вариативтік компоненті белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар. 1 сынып «Сиқырлы сандар» 1 сағат, 2 сынып «Математика және логика» 1 сағат. 3 сынып «Ғажайып математика» 1 сағат. 4 сынып «Сандар сыры» 1 сағат. Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру. «Жаһандық құзыреттіліктер» атты курсына 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, Жаһандық құзыреттіліктер «Зайырлылық және дінтану негіздері» 9 сыныпта 1 сағат жүзеге асырылған. 10-11 сыныптарда Оқушылардың креативті ойлау қабілетін дамыту. Оқушыларға проблемаларды шешуде әртүрлі шығармашылық әдіс-тәсілдерді қолдануды үйрету мақсатында аптасына 1 сағат «Креативті ойлау» курсы оқытылды. 10 сыныпта білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойынын қалыптасуына ҚР Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру мақсатында «Алғашқы әскери технологиялық дайындық» курсы оқытылды. Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. 10-11 кластарда жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы аптасына 1 сағаттан енгізілген. «Easy English» 11 сынып оқушыларын ағылшын тілінен грамматикалық білімдерін кеңейту мақсатында 1 сағат курс ұйымдастырылды.

Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылында «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 12 тамыздағы №365 (№412 (1-қосымша), 30.09.2022ж) бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» 1-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, ал 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында Оқу жоспарының вариативтік компонентінен Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар бастауыш сыныптар үшін оқушыларының логикалық ойлау мен танымдық қызметі мен түсініктерін дамыту мақсатында 1-сынып «Ғажайып математика» 1-сағат, 2-сынып «Сандар сыры» 1-сағат, 3-сынып «Табиғат таңғажайыптары» 1-сағат, 4-сынып «Логика әлемі» 1-сағат. Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында 5-сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, 6-класта «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, 7-класта «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат. 8-сынып «Жаһандық құзыреттілік» 0,5 сағат, 9-сынып «Жаһандық құзыреттілік «Зайырлылық және дінтану негіздері»

1-сағат, 10-сынып Жаһандық құзыреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 1-сағат, 10-сыныпта оқушылар бойына физика ғылымдарына деген шынайы сүйіспеншілікті дарыту, олардың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту деңгейлік есептер шығару мақсатында «Қазіргі заманғы физика» 1-сағат, 10-сынып Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, оларды ізденімпаздыққа математикалық ойлауға тәрбиелеу мақсатында «Тоғызқұмалақ» 1-сағат. 11-сынып Жаһандық құзыреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 1-сағат, 11-сыныпта физика пәнінің есептерін шығарудың жалпы заңдылықтары мен дұрыс мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағат «Механикалық физика» курсы оқытылды. «Селекция және биотехнология негіздері» курсының мақсаты: Оқушылар мектеп бағдарламасына сәйкес селекция және биотехнологияның негізгі заңдылықтарын оқыта тұрып биологиялық білімдерін кеңейтіп теориялық білімдерін практикада қолдануға үйрету. 11 сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылды.

2023-2024 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары»; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»; ал 10-11 кластардың оқу жоспары 2022 жылдың 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» 86-қосымшасы негізінде вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтері іске асырылған.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім берудің вариативтік компоненті Белсенді сипаттағы жеке және топтық сабақтар бастауыш сыныптар үшін 1 сыныпта «Әріптер сыры» мақсаты: Оқушылардың жазу дағдысын меңгеруіне еөмек беру, жазу тілін, тіл және әдебиет туралы алғашқы мәліметтер беру. Аптасына 1 сағат. 2 сынып «Логикалық математика» мақсаты: Меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдана білу. Аптасына 1 сағат. 3 сынып «Математика патшалығы» мақсаты: Тапсырмаларды орындаудағы қиындықтарды жеңу, тапқырлық пен зерделілік таныту. Аптасына 1 сағат. 4 сынып «Қызықты математика» мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру. Аптасына 1 сағат. Жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» атты курсына 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9 сыныпта, «Жаһандық құзыреттілік «Зайырылылық және дінтану негіздері» 1 сағат жүзеге асырылған. 10 сыныпта Ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, оқушының шет тіліндегі алған білімдерін тереңдету және жүйелеу. мақсатында 1 сағат «Speak English» курсы оқытылды. «Қызықты информатика» мақсаты: Оқушылардың алгоритмдік логикалық ақпараттық ойлау қабілетін дамыту. Аптасына 1 сағаттан оқытылды. «Interesting Grammar» мақсаты: Бастауыш және орта сынып деңгейінде грамматикалық бойынша алған білімдерін кеңейту. Курс аптасына 1 сағат 11 сыныпта оқытылады. «Python бағдарламалау тілі» мақсаты: Бағдарламалау тілін үйренгісі келетін оқушыларға Python тілінде қарапайым бағдарламалар жазуды үйрету болып табылады. Аптасына 1 сағат 11 сыныпта оқытылды. 10-11 сыныптарда Жаһандық құзыреттілік «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Аптасына 1 сағаттан оқыту іске асырылған.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім берудің вариативтік компоненті белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар. 1 сынып «Сиқырлы сандар» 1 сағат мақсаты: Баланың тұлғалық қасиетін ақыл-ойын сезімдерін, танымдық және шағармашылық қабілеттерін ойлау әрекеттерін дамыту. 2 сынып «Математика және логика».